Созақ ауданының білім бөлімінің Н.Төреқұлов атындағы
ІТ мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бекітемін
Мектеп-лицей директоры
_____ А.Асқанбекова
2025-2026 оқу жылы

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру барысында 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ

Директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасарлары: *Т.Қайдакешов*
А.Шарапов
Л.Мұстафаева

2025 жыл

Scanned with CamScanner

Созақ ауданының білім бөлімінің Н.Төреқұлов атындағы
ІТ мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бекітемін
Мектеп-лицей директоры
_____ А.Асқанбекова
2025-2026 оқу жылы

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру барысында 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ

Директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасарлары: *Т.Қайдакешов*
А.Шарапов

2025 жыл

Scanned with CamScanner

Созақ ауданының білім бөлімінің Н.Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бекітемін
Мектеп-лицей директоры
_____ А.Асқанбекова
2025-2026 оқу жылы

Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицейінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру барысында 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары: *Т.Қайдакешов*
А.Шарапов

2025 жыл

Scanned with CamScanner

МАЗМҰНЫ:

І Бөлім.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған ***кешенді нұсқаулығы, негізі: Қазасқстан*** *Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жыл 26 мамыр №123 бұйрығы*

«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері

ІІ Бөлім.

Өткен 2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысының нәтижелі қорытындысы жайлы қысқаша мәлімет, ағымдағы жай – күйді талдау;

ІІІ.Бөлім

2025-2026 оқу жылында сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

ІУ. Бөлім

2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жоспары. (Қазасқстан *Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жыл 26 мамыр №123 бұйрығы және ӘНХ, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жасалды)*

Ү. Бөлім

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, тәрбие үрдісін мектепшілік бақылау жұмыстары және лауазымдық міндеттері

Scanned with CamScanner

І Бөлім.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жыл 26 мамырдағы №123 бұйрығы

Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас бағдарламасын жүзеге асыру

2025-2026 жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында, соның ішінде жекеменшік мектептерде тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама негізінде жүргізіледі. Бұл – бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы, бірақ мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестірілген.

2025–2026 оқу жылынан бастап бұл бағдарлама «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123) (бұдан әрі – Бағдарлама) деп аталатын болады. Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады.

Бағдарлама мақсаты – «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру. Жаңа оқу жылында негізгі 6 құндылық бойынша тәрбие бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табады: тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; жасампаздық және жаңашылдық.

Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

2024-2025 оқу жылының талдамалық анализінің қорытынды негізінде жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жобалары және алдын алу шаралары бойынша жұмыстарды күшейту ұсынылады.

Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

«Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбиепроцесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

Scanned with CamScanner

апта сайын:
«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.
«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.
Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі: Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам; Буллингтен қорған! Ойынға салауатты көзқарас; Өмірге салауатты қадам; Қоғамдық мүлікті қорға!

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады.
Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде
көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған
іс-шараларды қамтиды:

Барлығы 77
Сынып сағаты 34/33
Жалпы мектепішілік іс-шара 43

Әр айдың іс-шаралары
Күнделікті:
• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Апта сайын:
• **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
• **«Қауіпсіздік сабағы»** – мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен жұмыс жоспарына, мақсатты тақырыптарға сәйкес, салауатты өмір салты, құқықтық сауаттылық, ақпараттық
мәдениет, жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу
• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Scanned with CamScanner

Қолайлы білім беру ортасын құру және оның білім алушының мінез-құлқына әсері

Оқу-тәрбие процесінде қолайлы жағдай жасауда білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтер басты рөл атқарады. Осыған байланысты:

Білім беру ортасын құру және қолдау

• Білім беру ұйымының қауіпсіздігін және абаттандыруды қамтамасыз ету.
• Ынтымақтастық атмосферасын құру.
• Адамгершілік, әлеуметтік және мәдени орта құру.
• Білім беру ұйымының физикалық жағдайын, соның ішінде жарықтандыру, шу деңгейі, ауа сапасы және температура жағдайларын жақсарту маңызды.

Білім беру ұйымының мәдениетін қалыптастыру және жүзеге асыру

• Негізгі құндылықтарды қолдайтын тұжырымдамалар әзірлеу және енгізу.
• Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін нақты этикалық стандарттар орнату.
• Білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ететін инклюзивті ортаны құруға жәрдемдесу.
• Құндылыққа негізделген тәсілді дамытудағы олардың рөлі мен әсерін түсіндіре отырып, жаңа қызметкерлерге бағыт- бағдар дәрістерін өткізу.

Ынтымақтастықты қолдау

• Педагогтер мен білім алушылар арасында мағыналы және сыйластық қарым-қатынас орнату.
• Білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.
• Ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау және оларды мектеп өміріне тарту.
• Жергілікті қауымдастықтармен және ұйымдармен байланысты нығайту.

ПЕДАГОГТЕРГЕ ҰСЫНЫЛАДЫ

Тәрбиеде құндылықтарды қалыптастыру

• Күнделікті іс-әрекетте үлгі көрсету.
• Сыныпта және одан тыс жерлерде тәрбиені жүзеге асыру және белсенді орындау.
• Құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерін жүзеге асыру үшін басшылықпен үйлестіру.
• Білім алушыларға қауіпсіз және қолдаушы ортада өз құндылықтары мен нормаларын дамытуға мүмкіндік жасау.

Оқыту және дамыту

• Құндылықтар мен тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне бағытталған сынып сағаттарының мазмұны арқылы құндылықтарды кіріктіру;
• Өзекті мәселелерді және тұлғалық дамуды талқылау үшін пәннің мазмұнын пайдалану.
• Адамгершілік қасиеттерді бірлесе оқыту мақсатында мектепішілік іс-шаралар ұйымдастыру.
• Білім алушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану.
• Этикалық дилеммаларды талдау және шығармашылықты дамыту үшін оқу материалдары мен ресурстарын пайдалану.

Сабақтан тыс қызмет

• Көшбасшылық қасиеттерді көрсету және дамыту үшін сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
• Білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу үшін мектеп іс-шараларын өткізу.
• Білім алушыларда құндылықтарды қалыптастыруға ынталандыру үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру.
• Әлеуметтік белсенділік және волонтерлік қызмет жобаларын әзірлеу және іске асыру.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Ата-аналармен ынтымақтастық

• Ата-аналармен ашық және жағымды қарым-қатынасты дамыту.
• Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту үшін ата-аналарды мектеп өміріне тарту.

Жергілікті қоғамдастықпен өзара қарым-қатынас

• Білім алушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін жергілікті ұйымдармен қарым-қатынас орнату және қолдау.
• Әлеуметтік даму мен қоғам өміріне қатысуға бағытталған мектеп жобалары мен іс-шараларын ұйымдастыру.

Scanned with CamScanner

ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ БЕРУДІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА КІРІКТІРУ

Оқу пәндеріне кіріктіру

• Құндылыққа негізделген тәсілдерді негізгі оқу пәндеріне кіріктіру.
• Әлеуметтік ғылымдар, тілдер және музыка арқылы құндылықтарды оқыту.

Сыныптан тыс іс-шаралар

• Білім алушылардың дағдылары мен әлеуметтік қарым-қатынастарын дамытуға бағытталған сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру.
• Ұлттық мерекелер, кітап оқу сағаттарын, цифрлық гигиена сабақтарын, салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Құндылықтарды дамыту сағаттары

• Өзіндік рефлексия мен сыни тұрғыдан ойлауды, шешім қабылдауды дамыту мақсатында сабақтар өткізу.
• Түрлі аргументтермен және қолдану тәсілдермен танысу. Осындай оқу ортасын құру және осы міндеттерді орындау арқылы басшылар мен педагогтер білім алушылардың бойында жағымды мінез-құлық пен құндылықтарды дамытуға айтарлықтай әсер ете алады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы ұсынымдық сипатта және білім беру ұйымдарында құндылық пен құзыреттілікке негізделген тәсілдерді енгізуге арналған.

Бұл шаралар мен стратегиялар әрбір мектептің нақты жағдайлары мен қажеттіліктеріне бейімделуі мүмкін, сонымен қатар тиімді және қолайлы білім беру ортасын құруға көмектеседі. Осы ұсыныстарды орындау басшылар мен педагогтерге білім алушылардың бойында жағымды мінез-құлық пен құндылықтарды қалыптастыруға, олардың жан-жақты дамуын және болашақ өмірге дайындалуын қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік береді.

ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Білім беру ұйымдары деңгейінде

• білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа негізделген білім беруді жоспарлаудың біртұтас тәсілін енгізуге;
• білім беру ұйымдарының вариативті білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, білім алушылардың мүдделерін, қажеттіліктерін, жергілікті қоғамдастықтың сұраныстарын және мемлекеттік органдардың басымдықтарын ескере отырып, білім беру қызметінің нысандарын, әдістерін таңдау дербестігін қамтамасыз етуге;
• сынып/куратор сағаттарын оқу процесінің толыққанды және ажырамас құрамдас бөлігі ретінде анықтауға;
• білім берудің базалық құндылықтарына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын байыту (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар; елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар; оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар; олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері);
• қоғамның отбасымен және серіктестеріменынтымақтастық нысандарын кеңейту;
• белгіленген көрсеткіштерге сәйкес тәрбие жұмысына үнемі ішкі бақылау жүргізу.

Педагогтер деңгейінде

• оқу/білім беру бағдарламаларының мазмұны зерттелетін,құндылықтарды оқыту мен тәрбие процесіне енгізудің ең тиімді жолдары талқыланатын үздіксіз даму және ынтымақтастық мәдениетін құру;
• білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы құндылықтардың үйлесімді кіріктіруін қамтамасыз ету (оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы пәнаралық және пәнішілік байланысты қамтамасыз ету, сәйкес мәтіндерді, тапсырмалар мен жаттығулар таңдау);

Ынтымақтастық нысандарын кеңейту; • белгіленген көрсеткіштерге сәйкес тәрбие жұмысына үнемі ішкі бақылау жүргізу.

Педагогтер деңгейінде

• оқу/білім беру бағдарламаларының мазмұны зерттелетін,құндылықтарды оқыту мен тәрбие процесіне енгізудің ең тиімді жолдары талқыланатын үздіксіз даму және ынтымақтастық мәдениетін құру;
• білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы құндылықтардың үйлесімді кіріктіруін қамтамасыз ету (оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы пәнаралық және пәнішілік байланысты қамтамасыз ету, сәйкес мәтіндерді, тапсырмалар мен жаттығулар таңдау);
• оқу-тәрбие процесіне жобалық жұмысты кіріктіру;

Scanned with CamScanner

• сыныптан тыс іс-шаралар нысандарын кеңейту (акциялар, қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар мен мұражайларға бару, шақырылған қонақтармен кездесулер және т.б.);
• жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық факультеттерінің білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

Отбасымен ынтымақтастық деңгейінде

• ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және оларды бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау);
• білім алушылардың даму динамикасын бақылау және сапалы кері байланысты қамтамасыз ету үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналысын (білім алушылармен жеке және топтық консультациялар, педагогикалық кеңестер, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ) өткізу;
• ата-аналардың педагогикалық мәдениетін тәрбиенің өзекті тақырыптары және жасөспірім балалармен өзара бірлескен іс-шаралар, ата-аналар дәрістерін ұйымдастыру арқылы арттыру;
• ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған семинарлар өткізуде, бағдарламаларды, әдістемелік құралдарды әзірлеуде қоғамдық ресурстық орталықтарды тарту;
• бірлескен мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ата-аналардың әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Қоғамдық серіктестермен өзара іс-қимыл деңгейінде

• ведомстволық ұйымдарды тәрбие міндеттерін шешуге тарту;
• жергілікті көрікті жерлермен танысу үшін сабақтар /іс-шаралар ұйымдастыру (мұражай педагогикасы, театр педагогикасы, өлкетану экскурсиялары, кәсіпорындарға сапарлар);
• басқа білім беру ұйымдарының педагогтерімен, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен кәсіби даму мәселелері бойынша ынтымақтастық орнату үшін жағдайлар жасау;
• шетелдік әріптестердің озық кәсіби тәжірибесін зерделеу және пайдалану үшін нтымақтастықты жаһандық деңгейде кеңейту;
• білім алушыларды заманауи кәсіптермен және өзекті дағдылармен таныстыру үшін түрлі саладағы мамандармен мансаптық консультациялар ұйымдастыру.

Бағдарламаны іске асыру тетігі

1: БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН КӨЗДЕЙТІН БІРТҰТАС ТӘСІЛДЕМЕ
2: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚАЖЕТ ТІЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ВАРИАТИВТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ
3: СЫНЫП-КУРАТОРЛЫҚ ЖҮЙЕ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЯҒНИ. СЫНЫП САҒАТ ТАРЫ МЕН СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАР
4: БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНА СӘЙКЕС ЖАЛПЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫН КЕҢЕЙТУ
5: ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНЕ ОТБАСЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ТАРТУ
6: БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫ ТҰРАҚТЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

БЛОК І

Білім беру мазмұны мен сынып сағаттары арқылы құндылықтарды енгізу

- Бұл бөлімде тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін негізгі құндылықтар мен құзыреттердің жүйесі ұсынылады.

- Аталған бөлімде тәрбие мен оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан бастап техникалық және кәсіптік білім беру деңгейлерінде түлектердің білім, білік және дағдыларының сипаты ұсынылады.

-Ұсынылған құндылықтар жүйесін педагогтер сынып сағаттарын мақсатты түрде жоспарлауда және күнделікті сабақ мазмұнына кіріктіруде қолдана алады.

Scanned with CamScanner

- Бұл білім алушылардың бойына құндылықтарды дарытуда және олардың табысты леуметтенуіне, зияткерлік және тұлғалық дамуына, сондай-ақ Қазақстанның болашақ азаматтарының кәсіби қалыпалыптасуына ықпал ете алады.

-Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолдану қажет. Әр сынып сағатының соңында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлу ұсынылады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

• Отан, ел, туған өлке туралы білу
• Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
• Мемлекеттік тілді білу
• Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
• Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Бастауыш мектеп түлегі
• Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау
• Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу
• Мемлекеттік тілді білу
• Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру
• Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу
• Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну

Негізгі орта мектеп түлегі
• Халықтың өткеніне, бүгініне және болашағына қатыстылығын түсіну
• Отанға адалдықтың маңызын бағалау, елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеу
• Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, мемлекеттік мерекелердің мәнін түсіну
• Азаматтық және ұлттық бірегейлікті білу және түсіну
• Мемлекеттік тілді меңгеру
• Отбасының дәстүрлері мен құндылықтарын білу
• Оқуға, өз халқының рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде ана тіліне деген қызығушылық таныту
• Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын бағалау

Жалпы орта мектеп түлегі
• Өзінің халқына деген сүйіспеншілігін білдіру және ұлттық мәдениетті құрметтеу
• Мемлекеттің дамуындағы ел бірлігінің маңызын бағалау және мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті сезіну
• Ұлттық және мәдени бірегейлікті сезіну
• Халық пен мемлекеттің тарихи жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту және мәдени мұрасын, дәстүрлерін әрі қарай ілгерілету
• Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге үлес қосу
• Отандық және әлемдік мәдениетті тану құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық таныту
• Өз Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің Егемендігі мен қадір-қасиетін тарихи аргументтерге сүйеніп қорғай білу

БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі
• Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
• Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
• Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Бастауыш мектеп түлегі
• Мінез-құлық нормаларын білу және оларды сақтаудың маңызын түсіну
• Командада жұмыс істей білу
• Басқалармен бірлескен жұмыстың нәтижесін қорғай білу
• Өзгені тыңдау, түсіну және диалог жүргізе алу
• Өзгелерге мейірімділік, жанашырлық таныта білу
• Айналасындағыларға көмек көрсету

Scanned with CamScanner

Негізгі орта мектеп түлегі
• Қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну
• Сенімді қарым-қатынас орнату және ұжымда жағымды ахуалды сақтай білу
• Тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу
• Бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу
• Басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу
Жалпы орта мектеп түлегі
• Басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде өз мінез- құлқыңызды сыни тұрғыдан бағалау және түзету
• Өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіре алу
• Ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істей білу
• Басқа адамдардың даралығын ескере білу және өзгенің идеялары мен пікірлерін дұрыс қабылдау
• Қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, қақтығыстық жағдаяттарды шешуде сындарлы шешуге ұмтылу

ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мектепке дейінгі ұйым түлегі
• Жауапты болу
• Уәделерді орындай білу
• Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну
Бастауыш мектеп түлегі
• Адамның қоғамдағы құқықтары мен жауапкершілігі туралы алғашқы көзқарастың болуы
• Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну
• Бастаған ісін соңына дейін жеткізе білу
• Өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін олардың моральдық нормаларға сәйкестігі тұрғысынан талдай білу
Негізгі орта мектеп түлегі
• Іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының болуы
• Моральдық нормаларға сәйкес өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін талдай білу
• Оқу тапсырмасын орындауда табандылық, еңбекқорлықтың болуы
• Тапсырылған жалпы іс үшін сынып ұжымы алдындағы жауапкершілікті сезіну
• Басқаларға көмектесуге және әділдік, мейірімділік пен жауапкершілік танытуға дайын болу
Жалпы орта мектеп түлегі
• Өзінің де, басқа адамдардың да әрекеттерін талдай білу
• Әділдік, мейірімділік және жауапкершілік таныту арқылы басқаларға көмектесуге дайын болу
• Кез-келген қызмет түріне немесе іс-әрекетке жауапкершілікпен қарау
• Ақпаратты бағалау және талдау негізінде салмақты шешімдер қабылдау

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Мектепке дейінгі ұйым түлегі
• Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
• Үлкендерге құрмет көрсету
• Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу
Бастауыш мектеп түлегі
• Азаматтық- құқықтық білім туралы түсінігінің болуы
• Моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін білу
• Мектепте, қоғамда этикалық және құқықтық нормалар мен ережелерді сақтаудың маңыздылығын білу
Негізгі орта мектеп түлегі
• Құқықтық жүйе мен адам құқықтарының негіздерін білу.
• Тәртіп пен әділеттілік нормалар мен ережелерін сақтау қажеттілігін түсіну
• Қоғамның қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету ретінде заң мен тәртіптің маңыздылығын түсіну
Жалпы орта мектеп түлегі
• Заң мен құқықтық актілерді дұрыс түсіндіре алуы және түсіне білу
• Құқықтық білімді нақты өмірде, нақты практикалық жағдайларды шешуде өз бетінше қолдана білу
• Қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ете алу
• Жағдаяттарды заңдылық пен этика тұрғысынан бағалау және негізделген шешімдерді қабылдау

Scanned with CamScanner

ЕҢБЕККӨРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

Мектепке дейінгі ұйым түлегі
• Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
• Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
• Өзіне-өзі қызмет көрсету
Бастауыш мектеп түлегі
• Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну
• Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету
• Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау
• Түрлі мамандықтарға қызығушылық таныту
• Өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдылану
• Жасына байланысты қол жетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу
Негізгі орта мектеп түлегі
• Еңбекті, өзінің және басқалардың еңбек нәтижелерін бағалау
• Еңбекті, мамандықтарды практикалық тұрғыда зерттеуге қызығушылық таныту
• Кәсіби өзін-өзі жетілдіру үшін еңбек қызметінің дағдылары жинақтау, еңбексүйгіштік, еңбекке баулу, табысты еңбектің маңыздылығын түсіну
• Уақытты тиімді жоспарлай білу және кез-келген іс-әрекеттің нәтижелеріне қол жеткізу және жақсарту үшін күш салу
• Еңбек қоғамның және жеке әл-ауқаттың негізі екенін түсіну
• Қоғамдық еңбекке дайындық
• Жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарларының жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу
Жалпы орта мектеп түлегі
• Мемлекеттің, қоғамның дамуы үшін еңбекті, өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалай білу
• Қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну
• Жасына байланысты қол жетімді әлеуметтік-еңбек рөлдерінде әлеуметтік маңызы бар еңбекке жасампаз, шығармашылық қабілетінің болуы
• Отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызы бар еңбек қызметіне қатысуға дайын болу
• Еңбек қызметінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі даярлау
• Жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен кәсіби қызметті саналы түрде таңдауға дайын болу

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мектепке дейінгі ұйым түлегі
• Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы
• Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту
• Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
• Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну
• Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
• Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

Бастауыш мектеп түлегі

• Табиғижәне әлеуметтік объектілер, тірі және жансыз табиғаттың байланысы, ғылым және ғылыми білім туралы алғашқы түсініктің болуы
• Білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені бақылаудың, жүйелеудің және түсінудің қарапайым дағдыларының болуы
• Түрлі объектілердің жеке белгілерін салыстыра білу, заттарды жалпы белгілер бойынша талдау, біріктіру
• Қарапайым өлшеулер жүргізу, практикалық есептерді шешуге арналған құралдармен жұмыс жасай алу
• Зерттеуге, экспериментке бағытталған жобалық тапсырмаларды орындау

Scanned with CamScanner

Негізгі орта мектеп түлегі

• Бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу қабілеті; модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөліп көрсету, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау

• Оқу міндеттерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаны қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуде қолдану

• Әр түрлі таным құралдарын қолдану, әлем туралы білімді жинақтай алу (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет)

Жалпы орта мектеп түлегі

• Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, ғылым мен техниканың жетістіктері туралы білу

• Ғылымның қоғам өміріндегі маңыздылығын дәлелдеу

• Себеп-салдарлық және құрылымдық-функционалдық талдау элементтерін қолдана білу, неғұрлым күрделі нақты байланыстар мен олардың тәуелділіктерін зерттеу

• Сыни тұрғыдан ойлау, сенімді ғылыми ақпаратты анықтау және ғылымға қарсы түсініктерді сыни көзқарастың болуы

• Фактілерді байқау, жинақтау және жүйелеу, білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені түсіну, зерттеу дағдыларының болуы

БЛОК II

Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу

Жобалар

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары

«Қамқор»
Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу
«Ұшқыр ой алаңы»
Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу
«SMART BALA»
Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу
«Шабыт»
Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу
«Еңбегі адал - жас өрен»
Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу
«Балалар кітапханасы»
Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

*** Білім беру ұйымдары білім алушылардың жасына және қажеттіліктеріне, өңірлік ерек-шеліктеріне, сондай-ақ білім беру ұйымының бейіні мен түріне қарай жобаларды дербес таңдай алады**
**** Барлық жобалардың өткізілуі *#Адал_Азамат* хэштегі арқылы әлеуметтік желілерде және БАҚ-қа жарияланады**

Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесі

«Қамқор» жобасы

- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет
- «Жер сағаты» экологиялық акциясы
- «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі
- «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы
-

Scanned with CamScanner

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі
- Мамандықтар әлемі
- Мектептің әлеуметтік желілерінде жариялау
- «Мамандықтар марафоны» байқауы

«Шабыт» жобасы

- «Даналық ұстаздан» челленджі
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі
- «Мектеп театры» «Ананың аялы алақаны» челленджі
- «Оншуақ» фестивалі
- «Домбыра күні» концерт және көрме

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы

- Дебат
- Зияткерлік ойындар

«SMART BALA» жобасы

- «Startup» байқауы
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы

«Балалар кітапханасы» жобасы

- Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы
- «Кітаптар айналымы» акциясы
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі

АПҚО

- Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру
- «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі
- Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы
- «Балаларды қорғау күні» акциясы
- «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сынып
- «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынысы

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

- «Цифрлықәлемде қауіпсіз қадам» жобасы
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас
- Өмірге салауатты қадам
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы

Барлығы 43

Scanned with CamScanner

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Мақсаты: әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу
- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет
- «Жер сағаты» экологиялық акция
- «Түлектердің ағаш егуі» экочеллендж
- «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акция

«Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет

Қазан – Халықаралық акцияға қатысу

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Жауаптылар:
Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, қосымша білім беру педагогтері

Көмек көрсетуді ұйымдастыру:
- аға буынға
- жануарларға
- қайта өңделген материалдар мен табиғат элементтерін байланыстырып құстарға ұя немесе жем шашар әзірлеу

Ұсынылады:
- ата-аналар қауымдастығын тарту
- Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әрекет ету

«Жер сағаты» экологиялық акциясы

Наурыз – Бүкіл әлемдік акцияға қатысу

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Жауаптылар:

Жаратылыстану бағытындағы апталық / 10 күндік шеңберінде пән мұғалімдері

Энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған бастама. Акцияның негізгі элементі – жарық пен басқа электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру

Ұсынылады:
- жыл бойы табиғи ресурстарға ұқыпты қарау қажеттілігі туралы сыныптан 1 постер шығара отырып іс шаралар өткізу

«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі

Сәуір

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Жауаптылар:

Сынып жетекшілері /куратор мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары

Республика бойынша мектеп түлектері арасында экочеллендж ұйымдастыру (9 және 11 сыныптар): мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызу

Ұсынылады:
- отырғызылған ағаштарды үнемі қадағалау (құрап қалған ағаштарды ауыстыру, желден байлау, қыста жабу және т.б.)

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы

Жыл бойы

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Жауаптылар: Сынып жетекшілері /куратор мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары

Мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды тазалау акциясы (саябақтар, скверлер)

Ұсынылады:
- саябақтарды, скверлерді, ескерткіштерді және басқа да қоғамдық орындарын мектептерге

Scanned with CamScanner

бекіту
- жыл бойы айлар бойынша тазалауға арналған
сыныптарды бекіту

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі
- Мамандықтар әлемі
- Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым
- «Мамандық марафоны» конкурсы

«Күзгі асар» жәрмеңкесі

Қазан
«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»
ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Тәрбиешілер/ сынып жетекшілері
Білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғатының көркем сыйларын пайдалана отырып, ата-аналармен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізу

Мамандықтар әлемі

Жыл бойы
«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»
ЖОБАСЫ
Жауаптылар:
Пән мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары
-Білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеу
Ұсынылады:
- Жергілікті атқарушы органмен және басқада мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әрекет ету

Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым

Жыл бойы
«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»
ЖОБАСЫ

Жауаптылар: Сынып жетекшілер/кәсіптік бағдарлаушы
Білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат дайындауы және мектептің әлеуметтік желілерде жариялауы

«Мамандық марафоны» конкурсы

Қаңтар
«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»
ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Көркем еңбек, Информатика пәндерінің Педагогтері
Әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс (WorldSkills халықаралық конкурсына дайындық). Қатысушылар өзінің шеберлігін көрсетеді (мысалы, бұйым жасау барлық жағдайда ағаш)
Ұсынылады:
- конкурс сарапшыларына әртүрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тарту

«SMART BALA» ЖОБАСЫ

Мақсаты: инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Startup» конкурсы
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» Конкурсы

«Startup» конкурсы

Қараша
Ақпан
«SMART BALA» ЖОБАСЫ

Scanned with CamScanner

Жауаптылар: Сынып жетекшілер, Мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары
Мектеп, аудан, қала, ауыл аумағын өзгерту бойынша форсайт сессиясы (оқушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары), инновациялық идеялардың тұсаукесерлері

«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы

Қаңтар
«SMART BALA» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Информатика пәнінің мұғалімдері, Жаһандық құзыреттілік курсының мұғалімдері
Мектептің мүмкіндігіне қарай жасанды интеллектті пайдалана отырып командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізу Ұсынылады:
- конкурска дайындық барысында инновациялық орындарға/ көрмеге бару / онлайн қарау (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және т. б.)

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу
- Челлендж «Даналық ұстаздан»
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі
- Мектеп театры
- «Ананың аялы алақаны» челлендж
- «Әншуақ» фестивалі
- «Домбыра күні» концерт және көрме

Челлендж «Даналық ұстаздан»

Қазан
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Сынып жетекшілер, Мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары
Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама / ән / сурет және басқа да алғыс білдіру түрінде челлендж өткізіледі

«Ұлттық мәдениет» көрмесі

Қазан
Наурыз
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Сынып жетекшілер, Мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары
Ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және т.б. жасалған жұмыстар) пайдалана отырып, білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі Ұсынылады:
- педагогтерге, білім алушыларға және ата- аналарға аптасына бір рет білім беру ұйымына ұлттық киіммен келуге және / немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды пайдалануға

«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі

Мамыр
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: АӘТД мұғалімі, музыка мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің/ колледждің өзін-өзі басқару ұйымы
-Саптық әндер конкурстарына, әскери- патриоттық фестивальдерге, спорттық-далалық ойындарға қатысу Ұсынылады:
- қазақстандық авторлардың әндерін қолдану;
- Ұлттық әскери форманы кию

Мектеп театры

Қараша
Наурыз
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Тілдік пәндердің мұғалімдері, музыка мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің/ колледждің өзін-өзі басқару ұйымы
Театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру
Ұсынылады:
1. Сыныптар арасында театрландырылған қойылымдардан байқаулар немесе фестиваль өткізу
- зерттелген әдеби шығармалар бойынша
- тарихи оқиғалар мен атаулы күндерге
- заңдар мен құқықтарды зерттеу бойынша
- жаман әдеттердің алдын алу бойынша(лудомания, нашақорлық, кибергигиена және т.б.)
- өмірлік жағдайларға байланысты
2. Ата-аналарды тарта отырып (қойылымға қатысу, декорацияларды дайындау және т.б.)

Scanned with CamScanner

«Ананың аялы алақаны» челлендж

Наурыз
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Сынып жетекшілері мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары
Аналар күніне (мамырдың екінші жексенбісі) бейнероликтер / мерекелік ашық хаттар / бейне құттықтаулар әзірлеп білім алушылар аналары мен әжелеріне алғыс білдіру

«Әншуақ» фестивалі

Мамыр
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Қосымша білім беру педагогтері және музыка мұғалімі,
Білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту, #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде балалардың әндерді жанды орындауының бейнежазбаларын жариялау

«Домбыра күні» концерт және көрме

Маусым
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Музыка мұғалімдері, қосымша білім беру мұғалімдері
Домбыра оркестрлерінің орындауындағы концерттерге бару, мектепте домбыра оркестрінің концертін ұйымдастыру, ұлттық аспаптар түрлерінің көрмесін өткізу

«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Дебат
- Зияткерлік ойындар

Дебат

Қазан
Желтоқсан
Ақпан
Сәуір
ПРОЕКТ « ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»
Жауаптылар: Бекітілген педагог және үйірме жетекшілері
Тақырыптар бойынша мектеп/колледж пікірталастарын ұйымдастыру:
- барлық белгілі құндылықтар бойынша
- тарихи оқиғалар мен атаулы күндерге орайластырылған пікірталастар
- заңды сақтау, құрметтеу және міндеттерді орындау бойынша
- жаман әдеттердің алдын алу бойынша
(лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық- зомбылық, қорқыту және т.б.)
- өмірлік жағдайларға байланысты

Ұсынылады:
- ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту
- сыныптар бойынша іріктеу турнирлерін өткізу

Зияткерлік ойындар

Қараша
Қаңтар
ПРОЕКТ « ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»
Жауаптылар: Әдістемелік бірлестіктер
Тақырыптар бойынша зияткерлік ойындарды ұйымдастыру:
- барлық мектеп пәндері бойынша
- белгілі тұлғалар бойынша
- күнтізбелік күндер бойынша
- әлемдік және спорттық іс-шаралар бойынша және т.б.

Ұсынылады:
- ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т. б. тарту
- сыныптар бойынша іріктеу турнирлерін өткізу

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

- Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы

Scanned with CamScanner

Отбасы күніне арналған апталық аясында сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылады: эссе жазу, суреттер / фотосуреттер көрмелері, «Шежіре» зерттеу, отбасылық фильмдер көру, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді талқылайды

«Балаларды қорғау күні» акциясы

Маусым
АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ
Жауаптылар: Жазғы мектеп жұмысы аясындағы педагогтер
Балаларды қорғау күніне арналған онкүндікте тақырыптық іс-шаралар мен жобалар, шеберлік сыныптары мен спектакльдер, шығармашылық шеберханалар мен спорттық іс-шаралар өткізіледі

«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сыныптары

Маусым
АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ
Жауаптылар: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары / әдіскерлер білім беру ұйымдарының ата-аналар комитеті мен әкелер кеңесі өкілдерінің қатысуымен шеберлік сыныптар өткізуді ұйымдастырады

«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныптары

Сәуір
АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ
Жауаптылар: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
Аға буын өкілдерінің қатысуымен отбасылық тәрбиенің прогрессивті дәстүрлерін жандандыруға ықпал етуге арналған шеберлік сыныптар өткізу

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас
- Өмірге салауатты қадам
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы

Жыл бойы
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ
Жауаптылар: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері Ақпараттық қауіпсіздік, киберкультура, кибергигиена, медиа тұтыну жөніндегі мамандармен сынып сағаттарын, пікірталастарды, кездесулерді өткізу

Буллингтен қорған!

Жыл бойы
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ
Жауаптылар:
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары,педагог-психолог
Қарым-қатынас дағдылары, эмоцияларды басқару және қақтығыстарды шешу бойынша тренингтер өткізу. Өмірлік жағдайларға байланысты жағдаяттарды талдау, шешу жолдарын ұсыну

Ойынға салауатты көзқарас

Жыл бойы
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ
Жауаптылар: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, Әлеуметтік педагог
Лудомания туралы бейне фильмдерді көру, топтық талқылауларды ұйымдастыру, салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша мектепішілік шеберлік сабақтарын өткізу

Scanned with CamScanner

Өмірге салауатты қадам

Жыл бойы
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ
Жауаптылар:
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, Әлеуметтік педагог, Медицина қызметкері
Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары (Интернет-ресурстар арқылы). Олардың зияны мен денсаулыққа кері әсері туралы деректі фильмдерді көру. Топтарда есірткіге қарсы плакаттарды, бейнероликтерді және т. б. жобалау бойынша іс-шаралар өткізу

Қоғамдық мүлікті қорға!

Жыл бойы
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ
Жауаптылар: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
Мәдени ескерткіштерді кірату, бүлдірудің зияны туралы мектепішілік әңгіме өткізу. Топтық талқылауларды ұйымдастыру. Вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасау. Мектеп аумағын немесе қоғамдық орындарды көркейту бойынша акциялар өткізу

Қауіпсіз қоғам

Жыл бойы
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ
Жауаптылар: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі құралдарын таратуға және т.б. байланысты негізгі нормаларын түсіндіру үшін ішкі істер органдарының, прокуратураның өкілдерімен кездесулер өткізу; нәтижесінде адам бас бостандығынан айырылған заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар туралы бейнероликтерді көрсету

Білім күнін өткізу

2025-2026 оқу жылының салтанаты ашылуы
1 қыркүйек «Білім күні» өткізу бойынша ұсыным
«Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етеді. Білім күніне арналған сынып сағатының ұсынылып отырған тақырыбы: «Мектебім – мейірім мекені!». Мемлекеттік туды көтеру және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.
Жаңа оқу жылында педагогтер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясындағы құндылықтарды дәріптеуге және жыл көлемінде білім алушылардың бойына дарытуға ерекше мән беруі қажет.
Салтанатты жиынға мектеп білім алушыларының ата-аналары/заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып білім алушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңызды екендігіне назар аудару қажет. Осы орайда педагогтерге:
Жазғы демалыстың қорытындысы және жаңа оқу жылынан күтілетін үміттер
туралы ашық диалог құру;
• Жаз бойы «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқыған ең қызықты немесе әсерлі кітаптарын таныстырады, ұнаған кейіпкерлерді, маңызды оқиғаларды айтып, олардың өміріне қандай пайдасы болғанын сипаттайды.
• Сынып сағаттарында заманауи технологияларды (интерактивті тақта, презентация, бейнематериалдар, жасанды интеллект) пайдалану.
• Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында әлеуметтік желілерде 2025-2026 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» республикалық интервью-челленджін өткізу ұсынылады.
Челленджтің форматы: Әр білім алушы (немесе ата-ана, сынып жетекшісі) 1-2 минуттық бейнеролик түрінде қысқа интервью түсіреді:
2-4-сынып білім алушылары: «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері»
5-8-сынып білім алушылары: «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты»
9-11-сынып білім алушылары: «Арманым мен мақсатым»
Бейнероликтерді 1 қыркүйек күні 17.00 – 21.00 аралығында #Bilim_quni #Mektebim_meirim_mekeni хештегтерін пайдалану арқылы жұмыстарын жариялау ұсынылады.

Scanned with CamScanner

• «Кітаптар айналымы» акциясы
• «Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж

Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы

Желтоқсан
Маусым
«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»
ЖОБАСЫ
Жауаптылар: кітапханашылар Сынып жетекшілер Жазғы мектеп шеңберіндегі педагогтер
Балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылау

«Кітаптар айналымы» акциясы

Жыл бойы
«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»
ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Кітапханашы мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымы
Мектеп буккроссинги аясында білім беру ұйымдарының кітапханаларында кітап сөресі құрылады, онда білім алушылар өздеріне қажетті кітапты таңдай алады

«Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж

Жауаптылар:
Ақпан
«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»
ЖОБАСЫ
Жауаптылар: Кітапханашы мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымы
«Досыңа кітап сыйла» челенджін ұйымдастыру, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын әзірлеу және т. б.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

• Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру
• «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі » челленджі
• «Отбасылық дәстүрлер» (Отбасы күніне арналған апталық)
• «Балаларды қорғау күні» акциясы
• «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сыныптары
• «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныптары

Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру

Қыркүйек
АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ
Жауаптылар: Сынып жетекшілері, педагог-психолог
Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының бір бөлігі ретінде ата-аналарға баласының уақытты басқару және оны тиімді ұйымдастыра білу, оқу және бос уақытты бірлесіп жоспарлау тәсілдері туралы кеңес беру

«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі

Қыркүйек
АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ
Жауаптылар: Сынып жетекшілері
Отбасы күніне арналған түрлі шығармашылық тапсырмаларды қамтитын, отбасылық құндылықтарды дамытуға және отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған челлендж өткізу (отбасылық портрет салу, отбасы туралы өлең жазу, спорттық іс-шаралар, бірге тамақ дайындау және т. б.)

«Отбасылық дәстүрлер» (Отбасы күніне арналған апталық)

Мамыр
АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ
Жауаптылар: Сынып жетекшілері

Scanned with CamScanner

«Созақ ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
«Нәзір Төреқұлов атындағы IT мектеп-лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

№ 279 н/б

Шолаққорған ауылы **25 тамыз 2025 жыл**

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын еңгізу және жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-Ағарту министрлігінің 2025 жылдың 26 мамырындағы № 123 бұйрығы бойынша бектілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүйелі жұмыстарды жүргізуді **БҰЙЫРАМЫН**

1. Қазақстан Республикасының Оқу-Ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылындағы №194 бұйрығы негізінде 2025 жылдың 26 мамырындағы № 123 бұйрығы бойынша бектілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жүргізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Оқу-Ағарту министрлігінің 2025 жылдың 26 мамырындағы № 123 бұйрығы бойынша бектілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2025-2026 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесінде қаралсын.
3. Қазақстан Республикасының Оқу-Ағарту министрлігінің 2025 жылдың 26 мамырындағы № 123 бұйрығы бойынша бектілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын түсіндіру және жүзеге асыру бойынша сынып жетекшілерге семинар өткізілсін.
4. Бағдарлама негізі – «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру. Жаңа оқу жылында негізгі 6 құндылық бойынша: тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; жасампаздық және жаңашылдық, осы тәрбие бағытындағы құндылықтар негізінде жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілсін
5. Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жобалары және алдын алу шаралары бойынша жұмыстарды күшейту ұсынылды.

   Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

   «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

   «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

Scanned with CamScanner

• «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.
Осы 6 әлеуметтік жобалар мен алдын алу шаралары бойынша атқарылатын жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілсін.

6. Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:
күнделікті:
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.
апта сайын:
«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.
Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шаралар жүзеге асырылсын.
7. «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу жүйелі жүргізілсін
8. Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі: Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам; Буллингтен қорған! Ойынға салауатты көзқарас; Өмірге салауатты қадам; Қоғамдық мүлікті қорға!

Scanned with CamScanner

Осы сынып сағаттары аясында алдын-алу шаралары бойынша берілген тақырыптар біріктіріліп өткізілсін.

9. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының брендингі және білім беру ұйымдарын безендірудің бірыңғай дизайнын қалыптастыру ережесі бойынша мектепте бірыңғай дизайн бойынша безендіру жұмыстары жүргізілсін.
10. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2025-2026 оқу жылына жоспар жасалып, жүйелі жұмыстар жүргізілсін

11. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында МАД топтары және 1-11 сыныптар бойынша сынып сағаттарының жоспарлануын және жас ерекшеліктеріне қарай құрылуын қадағалау, әдістемелеі сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу мектеп-лицей директорының тәрбие жөніндегі орынбасарлары Т.Қайдакешовке және А.Шараповқа тапсырылсын .

12. Осы бұйрықтың орындалуын және бақылауын өзіме қалдырамын.

Мектеп-лицей директоры - **А.Асқанбекова**

Scanned with CamScanner

II Бөлім.

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің 2024-2025 оқу жылында атқарылған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының қорытынды нәтижесі, ағымдағы жай-күйді талдау есебі

Тәрбие саласы бойынша атқарылған іс-шаралар:

2024 жылы 22 тамыз күні Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығы негізінде бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында сынып жетекшілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында жиналыс өткізілді.

2024 жылы 26-29 тамыз аралығында 30-шы тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесіне орай іс-шаралар жоспары жасалып, іс-шара бойынша жұмыстар жүргізілді. Іс-шара аясында мектеп кітапханасында «Конституция еліміздің - Ата заңы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

2024 жылы 1 қыркүйек Білім күні аясында «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында алғашқы қоңырауға арналған салтанатты мектеп жиыны өткізілді. Жиынға 1 және 11 сынып оқушылары, ұстаздар , қадірлі қонақтар және ата-аналар қатысты.

2024 жылы 2 қыркүйекте «Менің Отаным- Қазақстан!», тақырыбында 1-11 сыныптар бойынша бірыңғай сынып сағаттарын өткізілді.

2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптар бойынша сынып сағаттары сабақ кестесі бойынша әр аптаның дүйсенбісіне қойылды. Сынып сағаты барысында 10 минуттық қауіпсіздік сағаттарын өткізу жаспар бойынша өткізіледі. Әр дүйсенбі күні бірінші сабақта Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2024 жылдың 2 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстан:құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын насихаттау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында атқарылатын іс – шара жоспары жасалып, бекітіліп 3 қыркүйек күні ұжымға түсіндіру, насихаттау мақсатында жиналыс өткізілді.

1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысында Берлиндегі Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ азаматы Р.Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, 8-10 сынып оқушылары арасында 2024 жылы 4 қыркүйек күні әскери спорттық сайыс өткізілді.

2024 жылы 2-6 қыркүйек аралығында Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Тілдер мерекесіне орай кітапханада «Тілдің мерейі- елдің мерейі» тақырыбында көрме ұйымдастырлды. «Балалар кітапханасы » жобасы аясында 3-4 сынып оқушылары арасында «Өз тіліңді құрметте» тақырыбында мәнерлеп оқудан сайыс өткізілді.

2024 жылдың 9 қыркүйек күні 1-4, 5-7, 8-11 сынып оқушыларына 2024-2025 оқу жылының басталуына орай жолда жүру ережелерін сақтау, мектептің ішкі тәртібін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары бойынша мектеп инспекторының қатысуымен жиналыс өткізілді. Бастауыш сыныптарға жекелей сыныптарға кіріп жолда жүру ережелері бойынша түсіндірілді. 1 сынып оқушыларына жолда жүру ережелері бойынша суреттерді бояу арқылы түсіндірілді.

2024 жылдың 9-13 қыркүйек аралығында «Отбасы- тәрбиенің алтын бесігі» челленджі ұйымдастырылып өткізілді.

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

2024 жылы 16-19 қыркүйек аралығында « Еңбегі адал-жас өрен» жобасы бойынша 1 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізу мақсатында экскурсиялар, әртүрлі мамандық иелерімен кездесу ұйымдастырылып өткізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2024 жылдың 12-29 қыркүйек аралығындағы іс-шаралар жоспары бойынша «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында 12 қыркүйек күні жоғарғы сынып оқушылары арасында пікірсайыс дебат турнирі өткізілді ұйымдастырып өткізген А.Төкен және А.Рысбай. «Ақын- елдің ардағы» жас ақындармен кездесу өткізу барысында 20 қыркүйек күні мектеп оқушылары арасында жас ақындар байқауы өткізілді. Ұйымдастырып өткізген кітапханашылар А.Құлатаева және М.Тұрманова. 25 және 26 қыркүйек күндері шахматтан 7-8 сыныптар арасында және тоғызқұмалақтан 7-8 сыныптар арасында жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

«Отбасым- мақтанышым» атты акция аясында 2024 жылдың 16-17 қыркүйек күндері іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 толуына орай «Ұлтын ұлықтаған қайраткер» тақырыбында он күндік іс-шара 18-28 қыркүйек аралығында ұйымдастырылып өткізілді.

2024 жылдың 24 қыркүйек күні 9-11 сынып оқушыларына «Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатігездікпен қарау фактілерін анықтау және алдын-алу шаралары » бойынша жиналыс өткізілді.

2024 жылдың 25 қыркүйек күні сағат 15:00-де « Бала қауіпсіздігі –қоғам келешегі » тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Smart bala» жобасы аясында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» тақырыбында мектепішілік кезең өткізіліп, жүлделі орын алған 7 сынып оқушылары Асқанбек Ерзат және Сәрсен Бекбол, 2024 жылы 30 қыркүйек күні аудандық кезеңге қатысып екі оқушыда жүлделі I орынды иеленіп облысқа жолдама алып, 2024 жылы 8 қазан күні облыстық кезеңге қатысып екеуіде жүлделі III орынды иеленіп қайтты.

« Еңбегі адал-жас өрен» жобасы бойынша 11 сыныптар арасында «Еңбек етсең, мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында презентациялық таныстырылым сағаты өткізілді.

Аудандық «Үздік сынып жетекші» байқауына 2024 жылдың 18 қыркүйек күні Д.Тұяқбаева қатысып жүлделі III орын алды.

2024 жылдың 30 қыркүйегі мен 4 қазан аралығында «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Ұстаз-ұлы тұлға!» атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

2024 жылы 29 қыркүйек күні «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында 6 «В» сыныбының оқушыларымен кездесу кеші өткізілді.

2024 жылдың 30 қыркүйегі мен 1 қазан күндері аралығында 1 қазан «Қарттар күні» мерекесін лайықты атап өту барысында іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

«Балалар кітапханасы » жобасы аясында 4 «Г» сынып оқушыларымен бірлескен «Ұстаз- мектептің жүрегі» тақырыбында кеш өткізілді.

2024 жылдың 30 қыркүйегі мен 1 қазан күндері аралығында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында құқықбұзушылық профилактикасы және аудандағы қоғамдық – саяси ахуал тұрақтылығы бағытындағы шараларды жүзеге асыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылып мектеп инспекторымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

« Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында 2024 жылы 3 қазан күні «Ұстазы мықтының, ұстамы мықты» тақырыбында ардагер ұстаздармен мектеп бітіруші түлектердің кездесу кеші өткізілді.

2024 жылы 7-11 қазан аралығында бастауыш сыныптар арасында «Күзгі жәрмеңке» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

Scanned with CamScanner

2024 жылы 8 қазан күні «Балалар кітапханасы » жобасы бойынша 7 сынып оқушылары арасында «Абайды оқы, тәлім ал» тақырыбында танымдық сағаты өткізілді.

2024 жылдың 8 қазан күні 8-11 сынып оқушыларына «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балалардың қауіпсіздігін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп инспекторының қатысуымен жиналыс өткізілді

2024 жылы 14 қазан күні жоғарғы сынып оқушылары арасында «Күз аруы-2024» байқауы өткізіліп, жүлделі I орын алған оқушы аудандық кезеңге «Күз аруы-2024» байқауына қатысып «Күз аруы» бас жүлдесін жеңіп алды.

2024 жылдың 18 қазан күні 8-11 сынып оқушыларына «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балалардың қауіпсіздігін сақтау, мектептің ішкі тәртібі және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында Созақ АПБ ЖПҚ бастығы полиция капитаны Қалижан Мусалимов және Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны Рахат Уалиеваның қатысуымен жиналыс өткізілді

Кітапханашылар күніне орай 3 «Ғ» сыныбына «Кітапхана- білімнің күншуағы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

2024 жылдың 21-24 қазан аралығында Ұлттық мереке 25 Қазан- Республика күнін атап өтуге арналған «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбындағы іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

2024 жылы 24 қазан күні «Балалар кітапханасы » жобасы бойынша 5 сыныптар арасында «Дәстүрді дәріптейік» тақырыбында отбасылық сайыс өткізілді.

Аудандық «Өнерлі ұстаз» байқауына 2024 жылы 23 қазан күні Н.Аңшыбай қатысып жүлделі III орын алды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес қазан айында «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы» 1-4 сыныптар арасында К.Ордабаева, мектеп психологтары Г.Аманбекова және М.Қонақбаева 5-9 сыныптар арасында «Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері» және 10-11 сыныптар арасында «Жасөспірімнің ұйқысы мен психикалық денсаулығы» тақырыбында сабақтар өткізді.

«Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары жасалып бекітілген жоспар бойынша жұмыстар алдағы уақытта жүргізіледі.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында оқушылардың 2024 жылдың 28 қазан мен 3 қараша аралығындағы күзгі демалысын тиімді өткізу мақсатында атқарылатын іс-шаралар жоспары жасалып ,жұмыстар жүргізілуде.

2024 жылы 5 қараша күні мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа Түркістан облысының білім басқармасының бас маманы Досыбекова Әлия Сартайқызы, Түркістан облысының дін істер басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы»КММ директорының орынбасары Ағабеков Дархан Керимбайұлы, теолог мамандар, Созақ аудандық прократурасының прокуроры Алшынбеков Ерсұлтан Абилбаевич

2024 жылы 6 қараша күні оқушыларға зорлық-зомбылық және буллинг бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында жиналыс өткізілді.
Мақсаты: зорлық-зомбылықтың және буллингтің алдын-алу шаралары

2024 жылы 6 қараша күні «Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар тақырып аясында суреттер салып, суреттер бойынша өз ой-пікірлерін ортаға салды.

2024 жылы 8 қараша күні мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен жоғарғы сынып оқушыларына жаңа әдеби кітаптармен таныстыру мақсатында танымдық сағаты өткізілді.

2024 жылы 9 қараша күні «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік ұйымдастырып мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді.

2024 жылы 12 қараша күні «Шабыт» жобасы негізінде «Мектеп театры» аясында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Қанқожаева және тарих пәнінің мұғалімі Н.Әлішердің ұйымдастыруымен Төле бидің «Кісен дауы», М.Шахановтың «Отырардың күйреуі» тақырыбында сахналық қойылым көрсетілімін ұсынды.

2024 жылы «Толеранттылық- бейбітшілік кепілі » тақырыбы негізінде жоғарғы сынып оқушыларына «Деструктивті діни ағымдардан сақтандыру бағыты» тақырыбында Түркістан облысының дін істер басқармасының «Зайырлы Түркістан» қоғамдық бірлестігінің дінтануші маманы Қуаныш Қосмахановтың қатысуымен кездесу өткізілді.

2024 жылы 14 қараша күні аудандық «Тәрбие саласының үздіктері» байқау өткізілді. Байқауға тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар бойынша Т.Қайдакешов, 1-4 сыныптың жетекшілері бойынша Б.Бейсенбекова, 5-8 сыныптың жетекшілері бойынша Л.Ескендирова және 9-11 сыныптың жетекшілері бойынша А.Ысқақова барып қатысып қайтты. Нәтижесінде Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар бойынша 2 орын және 9-11 сыныптар бойынша 1 орын иеленіп қайтты. 1 орын алған А.Ысқақова облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезең 2024 жылы 20 қараша күні болады.

2024 жылдың қараша айында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 4 сыныптың ата-аналарына «Дұрыс тамақтану әдеп-ғұрпын құру» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақты Н.Арынова және 4 сыныптың жетекшілері ұйымдастырып өткізді.

2024 жылдың қараша айында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 2 сыныптың ата-аналарына «Дұрыс тамақтану әдеп-ғұрпын құру» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақты Б.Бейсенбекова және 2 сыныптың жетекшілері ұйымдастырып өткізді.

2024 жылдың қараша айында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 3 сыныптың ата-аналарына «Дұрыс тамақтану әдеп-ғұрпын құру» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақты М.Шойынбаева және 3 сыныптың жетекшілері ұйымдастырып өткізді.

2024 жылы 15 қараша күні 9-11 сыныптың ұлдарына «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбы аясында құқық бұзушылықтың , зорлық-зомбылықтың алдын-алу шаралары және балалардың құқықтарын қорғау мақстаныда Мектеп инспекторы Рахат Уалиеваның қатысуымен жиналыс өткізілді.

2024 жылы «15 қараша Ұлттық валюта күні» мерекесіне орай 1-11 сыныптар бойынша сынып сағаттары өткізілді.

2024 жылы 18 қараша балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында 1-11 сыныптар бойынша «Буллингтен қорған!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

2024 жылы 20 қараша күні облыстық «Тәрбие саласының үздіктері» байқауына 9-11 сыныптың жетекшілері бойынша А.Ысқақова барып қатысып жүлделі I орынды иеленді.

2024 жылы 20 қараша күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Экономикалық қауіпсіздік: Қаржылық сауаттылықты арттыру және тәуелділікпен күрес» форумы аясында «Лудоманияға нашақорлыққа, құқық бұзушылыққа, буллингке және кибербуллингке біз қарсымыз» атты флешмоб ұйымдастырылып өткізілді.

2024 жылы 21 қараша күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша пікірсайыс турнирі өткізілді. БП тақырыбы «Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны»

2024 жылы 22 қараша күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 8-11 сыныптың қыздарына «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді.Жиналысқа Созақ ауданының орталық ауруханасының психолог маманы Шолпан Түкебаева қатысты.

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

11-16 және 18-22 қараша аралығында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес сыныптар бойынша ата-аналарға сабақтар өткізілді.

2024 жылдың 23.11-30.11 күндері «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбіліктер ұйымдастырылды.

23.11.2024 жылы 6 сыныптар бойынша АПҚО жұмыс жоспарына сәйкес «Отбасының дұрыс тамақтану рационы» тақырыбында ата-аналарға сабақ өткізілді.

25.11.2024 жылы «Суды,тамақты, энергияны үнемдеу» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, қауіпсіздік сабағы бойынша «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қарапайым қағидалар» тақырыбында 10 минуттық сабақтар өткізілді.

25.11.2024 жылы 10 сыныптар бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

26.11.2024 жылы 5-7 сыныптың ата-аналарына «Бала қорқынышы туралы бірер сөз...» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

26.11.2024 жылы 10-11 сыныптарға «Сүйіспеншілік пен мейірімділік арқылы тәрбиелеу: қалай қоғамның болашағы үшін үйлесімді тұлға қалыптастыру» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

27.11.2024 жылы «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 5 сыныптарға «Кітап-сарқылмас рухани әлем» тақырыбында танымдық сағаттары өткізілді.

29.11.2024 жылы 1 сыныптар бойынша АПҚО жұмыс жоспарына сәйкес «Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру» тақырыбында ата-аналарға сабақ өткізілді.

29.11.2024 жылы «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспарына сәйкес 5 «Е» сыныбында «Адал ұрпақ- мәңгілік ел кепілі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

29.11.2024 жылы 8-11 сынып оқушылары арасында «Синтетикалық есірткі, электронды темекі және нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында САОА-ның нарколог медбикесі Жанар Байдуллаеваның қатысуымен жиналыс өтті.

03.12.2024 жылы «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн » Республикалық акциясы аясында сыныптар арасында психолог мамандармен бірлескен «Сен және мен әлемді бірге өзгертеміз» тақырыбында топтық жұмыстар жүргізілді.

03.12.2024 жылы құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу және оқушыларды интернет алаяқтарынан сақтану жолдарын түсіндіру мақсатында АПБ-нің қызметкерлерінің қатысуымен 8-11 сыныптарға жиналыс өткізілді.

04.12.2024 жылы «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 7 «А» сыныбымен кітапханашылардың ұйымдастырумен «Мың бір мақал,жүз бір жұмбақ» зияткерлік сайыс өтті.

04.12.2024 жылы психолог және кәсіптік бағдар беруішінің ұйымдастыруымен 9-11 сыныптарға мамандық бойынша кәсіптік бағдар беру мақсатында тренинг өткізілді.

06.12.2024 жылы «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» Республикалық акциясы аясында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында отбасылық толағай сайысы өткізілді.

07.12.2024 жылы «Цифрлық дәуір әлеміндегі жастардың денсаулығы» тақырыбында аудандық семинар-тренинг өтті.

07.12.2024 жылы 10 сыныптың ұлдарына «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.

08.12.2024 жылы «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» Республикалық акциясы аясында 1-4 және 5-11 сыныптар арасында шахматтан жарыс өткізілді.

11.12.2024 жылы «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай 8 «Б», 2 «Е», 2 «Ғ» сыныптары «Желтоқсан жаңғырығы», «Тәуелсіздік –тірегім, Қазақстан

Scanned with CamScanner

жүрегім», «Тәуелсіздіктің бақытты ұрпағымыз» тақырыптарында ашық тәрбие сағатын өткізді.

12.12.2024 жылы балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында жаңа жыл мерекесі қарсаңында оқушылардың отшауларды және пиротехникалық жарылғыш заттарды пайдаланбауын ескерту мақсатында мектеп инспекторы Е.Өскеннің қатысуымен оқушыларға жиналыс өткізілді.

13.12.2024 жылы «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай «Мектеп деп соққан жүрекпен, ұстазға тарту тілекпен» тақырыбында аудан көлемінде іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

13.12.2024 жылы «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай 7 «А» сыныбы «Тәуелсіздік баға жетпес байлығым» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

13.12.2024 жылы «Бірлік пен ынтымақ» құндылығы аясында «Ынтымақ-достық кепілі» тақырыбында 8 «В» сыныбы ашық тәрбие сағатын өтті.

17.12.2024 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдараламасы аясында 4 «Б» сыныбы «Ұлттық құндылықтар- тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

17.12.2024 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдараламасы аясында 3 «В» сыныбы «Ұрпағыма берер өнегем» тақырыбында ата-аналарды қатыстырып ашық тәрбие сағатын өткізді.

2024 жылдың 17-20 желтоқсан аралығында АПҚО жұмыс жоспарына сәйкес «Назар аударуды дамыту» тақырыбында 2,3,4 сыныптардың ата-аналарына сабақтар өткізілді. 9 сыныптар бойынша АПҚО жұмыс жоспарына сәйкес «Жадыны дамыту» тақырыбында ата-аналарға сабақ өткізілді.

20.12.2024 жылы 8-11 сынып оқушыларна «Есірткісіз болашақ» тақырыбында есірткі мен нашақорлықтың алдын алу және құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары бойынша жиналыс өткізілді. Жиналысқа Созақ ауданының Білім бөлімінің әдіскері Е.Есенұлы, Созақ ауданы Әкімдігінің заңгер маманы А.Исаева ,Созақ АПБ-нің бастығының орынбасары Нұрдәулет Әбдіхашымұлы, Созақ АПБ КПБ ж/у полиция аға лейтенанты Арман Дүкенбайұлы, Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны Уалиева Рахат, Созақ АПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Еркебұлан Бактиярулы қатысты.

Оқушылардың жаңа жылдық кештерін ұйымдастырып өткізу үшін іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Жоспар бойынша 24 желтоқсан күні МАД топтары мен 3-4 сыныптардың жаңа жылдық кештері өткізілді. 25 желтоқсан күні 1-2 сыныптардың жаңа жылдық кештері өткізілді. 27 желтоқсан күні 5-7 және 8-11 сыныптардың жаңа жылдық кештері өтті.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында оқушылардың қысқы демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында 2024 жылдың 30 желтоқсан мен 2025 жылдың 8 қаңтар аралығында өткізілетін іс шаралар жоспары жасалып бекітілді.

2025 жылдың 10 қаңтар күні кәсіптік бағдар беруші И.Садыкова және АӘД пәнінің мұғалімі С.Шарафутдиновтың ұйымдастыруымен «Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесіне «Ашық есік күні» өткізілді. Жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында. Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімбастығының орынбасары майор Ерғали Алжанов оқушылармен кездесу өткізді.

2025 жылдың 10 қаңтар күні кәсіптік бағдар беруші И.Садыкова 9-11 сынып оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында танымдық сағатын өткізді. Танымдық сағаты барысында оқушыларға сұрақтар беріліп , арнайы бейнероликтер көрсетілді. Сабақты қорытындылау кезеңінде 11 сыныптың оқушылары 4 топқа

Scanned with CamScanner

бөлініп, мамандықтар бойынша берілген тапсырмаларды орындап, постер түрінде қорғап шықты.

2025 жылдың 10 қаңтар күні мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 1 сынып оқушыларына «Кітапханаға саяхат» тақырыбында таныстырылым сағаты өткізілді. Мақсаты балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітапханаға деген құрмет және кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

2025 жылы 13 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында, «Заң және тәртіп» құндылығы аясында 10 «В» сыныбының жетекшісі Э.Рүстемова «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында сынып сағатын өткізіп, қорытындылау кезеңінде 10 минуттық «Жалған ақпарат, оның ішінде желіде тарату жауапкершілігі» тақырып аясында қауіпсіздік сабағын өткізді.

2025 жылы 15 қаңтарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Заң және тәртіп» құндылығы аясында 9-11 сынып оқушыларына мектеп инспекторы Өскен Еркебұлан Бақтияруұлының қатысуымен құқық бұзушылықтың алдын-алу, есірткі мен нашақорлықтың алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді.

2025 жылы 16 қаңтарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Еңбегі адал - жас өрен» жобасы бойынша Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары Алжанов Ерғали және ҚР Қорғаныс минстрлігінің «Сағадаи Нұрмағанбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтының» курсанты Әділбек Талғатұлы және ҚР Қорғаныс минстрлігінің «Радиэлектроника және байланыс әскери- инжернелік институтының»курсанттары Жәнібек Жанкелдіұлы мен Иманғали Берікұлының қатысуымен 10-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

2025 жылы 16 қаңтарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Заң және тәртіп» құндылығы аясында, мектебіміздің «Жас сақшылар» тобына Созақ АПБ-нің бастығының орынбасары полиция подполковнигі Ғ.Құрманбеков және АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтененты Е.Өскеннің қатысумен дәріс өткізілді.

2025 жылы 16 қаңтарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында Созақ ауданының ТЖБ-нің бас маманы азаматтық қорғау капитаны Жаппаров Бекдос және Созақ ауданының ТЖБ-нің аға инженері азаматтық қорғау капитаны Ниятов Бақытжанның қатысуымен оқушыларға төтенше жағдайлардың алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2025 жылы 17 қаңтарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Әкелер мектебі» кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Әкенің төріне сенбе, еңбегіне сен!» тақырыбында 1-11 сыныптың ата-аналарының тек әкелерінің қатысуымен жиналыс өткізілді.

2025 жылы 17 қаңтарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Заң және тәртіп» құндылығы аясында 7 «В» сыныбының жетекшісі Т.Аманбекова «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

2025 жылы 20 қаңтарда 7 «А» сыныбының жетекшісі Л.Мұстафаева «Буллингтен қорған!» тақырыбында сынып сағатын және «Балаларға арналған велосипедпен қауіпсіз жүру қағидалары» тақырыбында қауіпсіздік сабағын өтті.

2025 жылы 22 қаңтар күні 8-9 сыныптар бойынша «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында «Онлайын сатып алудағы алаяқтық» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді.

2025 жылы 22 қаңтар күні «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында 10-11 сынып оқушыларына «Дропперлер» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді.

2025 жылы 22 қаңтар күн 5-7 сыныптар бойынша «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында «Қаржылық қауіпсіздік» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді.

2025 жылы 22 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығы аясында 10-11 сыныптарға «Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын-алу» тақырыбында құқықтық сабағын өткізді. Құқықтық сабаққа АПБ-нің қызметкерлері полиция лейтенантары Наги Жалғас және Жанаділ Мақсат қатысты.

2025 жылы 23 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығы аясында «Еңбегі адал-жас өрен » жобасы бойынша кәсіптік бағдар беру маманы И.Садикова және «Жас сақшылар» тобының жетекшісі Т.Аманбекова Созақ АПБ-не «Ашық есік» күнін ұйымдастырып алып барды. Созақ АПБ-нің бастығы полиция полковнигі Муратов Нурлан Жакипович «Жас сақшылар» тобының мүшелерін өзі қабылдап әңгіме жүргізді.

2025 жылы 23 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Даналық клубтары» жұмысының жоспарына сәйкес қыздар кеңесінің төрайымы Л.Ескендирова 8-11 сыныптың қыздарына «Қыз намысы-ұлт намысы» тақырыбында кездесу кешін өткізді. Кездесу кешіне аудандық аналар кеңесінің төрайымы Райымқұлова Рысты Тәбетқызы , аудандық аналар кеңесінің төрайымының орынбасары Дүрменова Сырғакүл және «Жастар орталығы» КММ-нің психолог мамыны Ниязәлі Ләйла қатысты.

2025 жылы 23 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығы аясында 6 «Е» сыныбының жетекшісі Ә.Үсенова «Рәміздерді құрметтеу, басты міндет!» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

2025 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2025 жылдың қаңтар айында «Ұлттық фильм» айлығын өткізу жоспарланған соған орай мектепте барлық сыныптарға «Ұлттық фильм» айлығында көрсетуге ұсынылған фильмдерді көрсету жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шара барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәні, тарих пәні бірлестігі және сынып жетекшілері фильмдерді көрсетуді ұйымдастырды.

2025 жылы 24 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша «Дебат клубы» жетекшісі А.Төкеннің ұйымдастырумен АПФ форматында пікірсайыс өткізілді. БП «Жастардың тез баю керек деген көзқарасының кең таралуына өкінеді...» тақырыбында өтті.

2025 жылы 27 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 10 «Ә» сыныбының жетекшісі Қ.Имашева «Арам мен адал, обал мен сауап- ұлтымыздың ұстанымы» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

2025 жылы 27 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығы аясында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және адалдық сағаты барысында 9-11 сынып оқушыларынан «Заң және тәртіп сақтаудағы менің үлесім» тақырыбында эссе жазу өткізілді.

2025 жылы 27-31 қаңтар аралығында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 8 сыныптар бойынша А.Сүлейменова «Жадыны дамыту» тақырыбында, бастауыш сыныптар бойынша А.Аманбаева, Л.Анарбайева, А.Мұсағалиқызы және Ғ.Көшербаева «Логикалық ойлауды үйрену» тақырыбында 10 сыныптың жетекшілер С.Ордабаев, Қ.Имашева, Р.Қойжанова және Э.Рүстемова «Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту» тақырыбында ата-аналарға сабақ өткізді.

2025 жылы 29 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында 10-11 сынып оқушыларына «Жасөспірімдер арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа «Аудандық ардагерлер үйінің» төрағасының орынбасары М.Иманбеков, «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік

Scanned with CamScanner

орталығының әлеуметтік маманы Б.Саржанов және осы орталықтың психолог маманы Қ.Ыдырысова, «Жастар орталығы» КММ-нің психолог мамыны Ниязәлі Ләйла қатысты.

2025 жылы 29-30 қаңтар күндері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Smart bala» жобасы бойынша «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» тақырыбында оқушыларға танымдық сағаттары өтті. Танымдық сағаттарыды ұйымдастырып өткізген иноформатика пәні мұғалімдері Н.Әбдеш, Л.Катеева және көркем-еңбек пәнінің мұғалімі О.Набиев сонымен қатар «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауларынан жүлдегер болған оқушылар қатысты.
2025 жылы 29-30 қаңтар күндері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында жасөспірімдерді салауатты өмір салтын ұстануға шақыру бойынша «Есірткіге жол жоқ!» челленджісі аясында «Есірткіге жол жоқ!» тақырыбында оқушылар суреттер салып , оны қорғап, оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

2025 жылы 31 қаңтар күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы бойынша 3-4 және 5-7 сынып оқушылары арасында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында көрме ұйымдастырылып өткізілді. Көрме қорытындысында қалдықтардан үздік жасалған жұмыстарды, жасап алып келген оқушыларды марапаттау жұмыстары жүргізілді.

2025 жылы 3 ақпан күні 10 «Ә» сыныбының жетекшісі Қ.Имашева «Цифрлық әлемге қауіпсіз қадам» тақырыбында сынып сағатын өтіп және «Буллинген қарсымыз» тақырыбында мектепішілік челленджі ұйымдастырып өткізді.

2025 жылы 4 ақпан күні «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша кітапханашылардың ұйымдастыруымен 6 «Ә» сынып оқушыларымен Тұрдақын Жексенбайдың «Бүркіттің балапаны» кітабына талдау жүргізді.

2025 жылы 5 ақпан күні Дүниежүзілік сайлау күніне орай жоғарғы сынып оқушыларына С.Ордабаев «Сайлау және сайлау жүйесі» тақырыбында түсіндірме сабағын өткізді.

2025 жылы 5 ақпан күні «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша кітапханашылардың ұйымдастыруымен 6 «Б» сынып оқушыларымен Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» кітабына талдау жүргізді.

2025 жылы 6 ақпан күні, 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанистан жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай 10 сыныптар арасында «Еліңді сүйсең-ерлік жасайсың» тақырыбында әскери-спорттық сайыс өткізілді.
АӘД пәнінің мұғалімі С.Шарафутдиновтың ұйымдастыруымен өткен іс-шараға Созақ Ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары Ерғали Алжанов және Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, аудандық «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай қатысты.

2025 жылы 10 ақпан күні 6 «Б» сыныбының жетекшісі А.Байменова «Буллингтен қорған» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

2025 жылы 10-14 ақпан аралығында 5-11 сыныптар бойынша «Адалдық сағаты» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

2025 жылы 12 ақпан күні «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша кітапханашылардың ұйымдастыруымен 6 «В» сынып оқушыларымен «Абайдың қара сөздері» бойынша танымдық сағаты өткізілді.

2025 жылы 13 ақпан күні құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында 5-7 сынып оқушыларына АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Еркебұлан Өскеннің қатысуымен жиналыс өткізілді.

2025 жылы 13 ақпан күні «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша кітапханашылардың ұйымдастыруымен 6 «Г» сынып оқушыларымен Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар оқылық» атты кітабына талдау жүргізді.

Scanned with CamScanner

2025 жылы 13 ақпан күні Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай және 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанистан жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай «Ерліктің ерен үлгісі» атты аудандық әскери-патриоттық әндер байқауына 10 сынып оқушысы Нұрай Талғатқызы және 9 сынып оқушысы Рысбек Нұрсауле қатысты.
Әндер байқауына музыка пәні мұғалім Г.Шалабаева дайындап алып барды. Қорытындысында 9 сынып оқушысы Рысбек Нұрсауле бас жүлде иеленді. 10 сынып оқушысы Талғатқызы Нұрай «Үкілі үміт» қоғамының арнайы дайындаған марапатын жеңіп алды.

2025 жылы 14 ақпан күні кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» және «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша «14 ақпан- Халықаралық кітап сыйлау» күніне орай «Кітап сыйла- білім сыйла» тақырыбында іс-шара өткізілді.

2025 жылы 14 ақпан күні «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша кітапханашылардың ұйымдастыруымен 7 «А» сынып оқушыларымен американдық жазушы Джек Лондонның «Мексика ұлы» шығармасы бойынша талқылау жүргізді.

2025 жылы 14 ақпан күні 11 сыныптың ата-аналарына АПҚО-ның жұмыс жоспарына сәйкес «Тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздікке құқық» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақты 11 сыныптың жетекшілері ұйымдастырып өткізді.

2025 жылы 15 ақпан күні «Қамқоршылық» кеңесінің жылдық жұмысжоспарына сәйкес Кеңес әскерінің Ауғанистан жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында волейболдан жарыс өткізілді.

2025 жылы ақпан айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында Созақ аудандық ТЖБ-нің аға инспекторы азаматтық қорғау аға лейтенанты М.Б.Өскен және Созақ аудандық ТУКШ және АЖ бөлімінің бас маманы Асқар Қонысбек Нұржанұлының қатысуымен оқушыларға түрлі табиғат апаттарының алдын-алу және өрт қауіпсіздін сақтау мақсатында жиналыс өткізілді.

2025 жылы ақпан айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығы аясында «Жас сақшылар » ұйымына Созақ АПБ-нің УҰИ-нің бастығы полиция капитаны Б.Омаров және АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Е.Өскен оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Жол ережесін сақтау-қауіпсіздік кепілі» тақырыбында сабақ өтті.

2025 жылы 18-19 ақпан күндері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен 6-7 және 8-9 сыныптар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында танымдық сағаттары өткізілді.

2025 жылы 19 ақпан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына және «Алғыс айту» күніне орай тарих пәнінің мұғалімі Л.Ескендирова 11 сынып оқушыларына «Бір ел-бір тағдыр» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

2025 жылы ақпан айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 3 сыныптың ата-аналарына «Отбасылық келісімнің кепілі-сенімді қарым-қатынас» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақты ұйымдастырып өткізген Б.Искакова

2025 жылы «Біртұтас тәрбие » бағдарламасының «Еңбегі адал-жас өрен » жобасы бойынша кәсіптік бағдар беруші И.Садыкова 9 -11 сыныптар арасында «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында түрлі мамандық бойынша презентация қорғау байқауын өткізді.
2025 жылы 24-28 ақпан аралығында АПБ-нің «Ашық есік күндері» ұйымдастырылып Созақ АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Е.Өскен және Созақ АПБ ЖПҚ (Б) ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Г.Кенжегариева оқушылармен кездесулер өткізіп ,

Scanned with CamScanner

оқушылармен жасөпірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг, кибербуллинг, нашақорлықтың алдын алу бойынша заң аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2025 жылы 27 ақпан күні «Жас сақшылар» ұйымының мүшелеріне Созақ АПБ-нің бастығының орынбасары полиция майоры Қ.Мусалимов және АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Е.Өскен «Буллинг, кибербуллинг, нашақорлық пен құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында дәріс өткізді.

2025 жылы 27 ақпан күні «»Біртұтас тәрбие» бағдараламасының «Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығы аясында 6 «Б» сыныбының жетекшісі А.Байменова «Адал адам-Адал еңбек- Адал табыс» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

2025 жылы 24-28 ақпан аралығында 1 наурыз- Алғыс айту күні мерекесіне орай мектепішілік іс-шаралар ұйымдастырылып , өткізілген іс-шаралар ақпарат желісіне жарияланды

2025 жылы 28 ақпан күні «»Біртұтас тәрбие» бағдараламасы аясында 1 наурыз-Алғыс айту күні мерекесіне орай 6 «В» сынып жетекшісі Т.Бақтиярдың ұйымдастыруымен «Қазақ халқыма мың алғыс» атқырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

2025 жылы 28 ақпан күні «»Біртұтас тәрбие» бағдараламасының «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ақпан айындағы жұмыс жоспарына сәйкес 4 «Б» сыныбының жетекшісі Қ.Үркінбаева ата-аналарға «Отбасылық келісімнің кепілі-сенімді қарым-қатынас» тақырыбында сабақ өткізді.

2025 жылы 22 ақпан және 1 наурыз күндері «Таза Қазақстан» экологиялық акция аясында сенбіліктер ұйымдастырылып, өткізіліп, ақпарат желісіне жарияланды.

2025 жылы 3-7 наурыз аралығында 8 наурыз Халықаралық Әйелдер күні мерекесіне орай сыныптар бойынша ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

2025 жылы 5 наурыз күні «Біртұтас тәрбие » бағдарламасының «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 5-7 сынып оқушылары арасында «Бәрі де, Ана бір өзіңнен басталады тақырыбында » ана туралы жазылған үздік туындыларды оқудан байқау өткізілді.

2025 жылы 6 наурыз күні «Біртұтас тәрбие » бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «» құндылығы аясында 7 «А» сыныбы « Ұлы даланың батыр қыздары » тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Сынып жетекшісі Л.Мұстафаева.

2025 жылы 6 наурыз күні «Біртұтас тәрбие » бағдарламасының «Smart bala» жобасы бойынша 5-9 сыныптар арасында «Жас өнертапқыш» байқауы өткізілді. Байқауды ұйымдастырып өткізген көркем еңбек пәні мұғалімдері Т.Молдабеков, О.Нәбиев, Ә. Жексенбиев және Н.Жарылқасынов.

2025 жылы 6 наурыз күні «Біртұтас тәрбие » бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Өнерліміз, өркенбіз» тақырыбында 5 «А» сыныбының жетекшісі Л.Ескендирова ашық тәрбие сағатын өткізді.

2025 жылы 6 наурыз күні мектепте «8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні» салтанатты іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында мектеп басшысы А.Асқанбекова құттықтау сөз сөйлеп, еңбегі еленген, жетістігі бар ұжым мүшелерін марапттау жұмыстарын жүргізді.

2025 жылы 7 наурыз күні «Біртұтас тәрбие » бағдарламасының «Шабыт» жобасы бойынша 5-7 сыныптар арасында «Күмбірлеген күй домбыра» тақырыбында жас күйшілер байқауы өткізілді. Байқауды ұйымдастырып өткізген музыка пәні мұғалімі Г.Шалабаева.

2025 жылы 7 наурыз күні «Біртұтас тәрбие » бағдарламасының «Шабыт» жобасы бойынша 7 сыныптар арасында «Ананың аялы алақаны» атта челленджі өткізілді. Челленджіні 7 сыныптың жетекшілері ұйымдастырып өткізді.

Scanned with CamScanner

асыру мақсатында жобаның ашылу салтаныты өткізілді. Салтанатты жиынға Созақ ауданының прокуратурасының прокуроры Алшынбеков Ерсұлтан және АББ-нің тәрбие саласының әдіскері Жұмаділ Хамза қатысты.

2025 жылы 28 сәуір күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Балалар кітапханасы жобасы» аясында Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абайтану» үйірмесінің жетекшісі Болат Мақсатұлы «Ұлы халықтың Ұлы Абайы» тақырыбында танымдық сағатын өткізді.

2025 жылы 28 сәуір күні 3 сыныптар бойынша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Балалардың қауіпсіздігі- ересектердің міндеті» тақырыбында ата-аналарға Әлия Сәрсенова сабақ өткізді.

2025 жылы 28 сәуір күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығы аясында «28 сәуір- Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні» мерекесіне орай «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін сақтау-баршаға ортақ міндет» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Жиынға АББ-нің білім саласындағы қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы Қасым Манас және АББ-нің білім саласындағы қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының еңбек инспекторы Қараулов Ержан қатысты. Жиында кіші қызметкерлерді марапаттау рәсімі жүргізілді.

2025 жылы 29 сәуір күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Ұлы халықтың - Ұлы Абайы» тақырыбында әдеби-сазды кеш өткізілді.

2025 жылы 30 сәуір күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының балалар қауіпсіздігін сақтау мақсатында Республикалық «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан » атты челлендж- флешмоб акциясы өткізілді. Акцияға АПБ-нің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зобылыққа қарсы күрес тобының полиция майоры Айжан Манапова қатысты.

2025 жылы 30 сәуір күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясынында «1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесіне орай «Қазақстандағы ұлттар достығы» тақырыбы аясында Қазақстандағы ұлттардың би байқауы ұйымдастырылып өткізілді.

2025 жылы 30 сәуір күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясынында «1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесіне орай сыныптар бойынша «Қазақстан сан ұлттар мекені» тақырыбында 1-11 сыныптар бойынша сынып сағаттары өткізілді.

2025 жылы 2 мамыр күні 2 сыныптар бойынша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Балалардың қауіпсіздігі- ересектердің міндеті» тақырыбында ата-аналарға Э.Марқабаева сабақ өткізді.

2025 жылы 2 мамыр күні «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында мектеп бітіруші түлектердің ұйымдастыруымен мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізіп, мектеп ауласына гүл көшеттерін отырғызу жұмыстарын жүргізді.

